

## Алматы қаласында медициналық қызметтерге мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы әкімінің 1999 жылғы 4 наурыздағы N 219 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 20 сәуірде N 43 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 5/778 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 31.12.2003 № 5/778 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы № 1268 "Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге мемлекеттік сатып алуды өткізу тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" және 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 1314 "Мемлекеттік бюджет қаражатын есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырма туралы үлгілі Ережені әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қаулыларына сәйкес Алматы қаласының Әкімі

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Берілген "Алматы қалалық денсаулық сақтау бюджетінің 1999 жылға арналған қаражаты есебінен орындалатын Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің бағдарламалары мен қос бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырма туралы Е р е ж е " б е к і т і л с і н .

2. Қалалық денсаулық сақтау басқармасы қаланың денсаулық сақтау бюджеті қаражаты есебінен тегін кепілдеме көлемінде медициналық көмекті орындау жөніндегі мемлекеттік тапсырыстың әкімшілігі болып анықталсын.

3. Қалалық конкурстық комиссия (Қ.Бүкенов) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Заңына сәйкес 1999 жылдың 1 сәуіріне дейін мыналарға ашық конкурс өткізсін:

- Алматы қаласының тұрғындарына алғашқы медицина - санитарлық көмек және кешенді емдеу емханаларының көмегін көрсетудегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөнінде;

- Алматы қаласының тұрғындарына емханалық, оған мамандандырылған медициналық көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша.

Алматы қаласының әкімі *В. Храпунов*  
А л м а т ы к а л а с ы Ә к і м і н і ң  
1999 жылғы 04 наурыздағы № 219  
БЕКІТІЛДІ

**Алматы қалалық денсаулық сақтау бюджетінің  
1999 жылға арналған қаражаты есебінен  
орындалатын Қазақстан Республикасының денсаулық  
сақтау, білім және спорт министрлігінің  
бағдарламалары мен қос бағдарламалары  
бойынша мемлекеттік тапсырма туралы  
ЕРЕЖЕ І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

Азаматтардың тегін кепілді көлемде медициналық көмек алуына, Конституциялық құқығын жүзеге асыру мемлекеттік тапсырысты қаланың денсаулық сақтау бюджетінде көзделген 1999 жылға арналған негізде жүзеге асырылады.

Қаланың денсаулық сақтау жүйесі өз қызметін мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар, оларға тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту жүктелген, аурулардың алдын алу, алдын ала емдеу жүргізу, түрлі сырқаттарға емдеу және зерттеу жүргізу, сондай-ақ денсаулыққа байланысты және оған әсер ететін әртүрлі түрдегі барлық проблемаларды зерттеу, жүктелген денсаулық сақтау орындары арқылы жүзеге асырады.

Халыққа медициналық көмек көрсету қолданыстағы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

## **II. БАҒДАРЛАМАНЫҢ (ҚОС БАҒДАРЛАМАНЫҢ) МАЗМҰНЫ**

Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 1314 "Мемлекеттік бюджет қаражатын есебінен орындалатын мемлекеттік тапсырма туралы үлгілі Ережені әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" және "Алматы қалалық денсаулық сақтау бюджетінің 1999 жылға арналған қаражаты есебінен орындалатын Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің бағдарламалары мен қос бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырма туралы Ереже" Қаулыларына сәйкес әзірленген және бұлар Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімдері бойынша Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі бекіткен.

Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Алматы қаласының тұрғындарына емдеу-сауықтыру және оңалту медициналық көмек жүзеге асырылады.

Қаланың денсаулық сақтау жүйесін жақсарту мақсатында және заманғы медициналық, көмек көрсету деңгейін қамтамасыз етуде, "Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру ретінде "Алматы қаласы Алматы тұрғындарының денсаулығы" аймақтық Бағдарламасы әзірленіп, бекітілді, онда алғашқы медико-санитарлық көмекті дамыту, салауатты өмір салтын, ана мен баланың денсаулығын қорғау, эммуно егу, сондай-ақ медициналық көмек көрсету ауқымының сапасын түбегейлі жақсарту жұмыстары жүргізіледі.

"Денсаулық сақтау" 05 жұмыс істеу топтары бойынша мемлекеттік тапсырма республикалық және жергілікті деңгейдегі бағдарламалар мен қос бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады.

**Алматы қаласында орындалатын мемлекеттік тапсырмаға мынадай көлемдегі қызмет түрлері кіреді:**

*1. Қор үлгісі бойынша алғашқы медико-санитарлық көмек көрсету:* отбасына алғашқы дәрігерлік көмек көрсету, емханаларда, селолық емханаларда, олардың, құрылымдық бөлімшелерінде және фельдшерлік- акушерлік тіректерінде.

*Есептесу жолдары:* әрбір отбасына жеке қызмет көрсету бойынша есептесу.

*2. Амбулаторлық емханалық қызмет көрсету:* алғашқы медико- санитарлық, көмек көрсету, тұрақты (тәуліктік) емханаларда жатуды қажет етпейтін азаматтарға кешенді консультативтік-диагностикалық және емдеу шараларын к ө р с е т у .

*Есептесу жолдары:* әрбір отбасына жеке қызмет көрсету бойынша есептесу, амбулаторлық-поликлиникалық тарифпен медициналық қызмет көрсету көлемі б о й ы н ш а е с е п т е с у .

*3. Жедел көмек көрсету:* жедел көмек көрсету шақырылған қызмет көрсету с а н ы м е н жү р г і з і л е д і .

*Есептесу жолдары:* әрбір отбасына жеке қызмет көрсету бойынша есептесу, қиындығына байланысты шақырылған медициналық қызмет көрсету көлемі б о й ы н ш а е с е п т е с у .

*4. Тұрғындарға стационарлық, арнайы медициналық көмек көрсетуді қоса:* стационарлық көмек көрсетуді жүзеге асыруда кешенді консультативтік-диагностикалық емдеу шаралары кіреді, оның ішінде емделушілер тұрақты тәуліктік емдеуді қажет ететін мамандандырылған к ә с і п о р ы н д а р д а ғ ы е м д е л у .

*Есептесу жолдары:* емделуге кеткен уақыты бойынша есептесу.

5. Салауатты өмір салтын насихаттау. томендегі қос бағдарламаларды орындау жөніндегі шаралар кіреді:

"Туберкулезсіз өмір сүру" (халықтың барлық жастарына және әлеуметтік топтарына оқыту арқылы әртүрлі құжатты видеофильмдер, телерадиохабарлар көрсету, ДОТЦ - терапиясы)

"Ана сау болса, бала да сау" (күнәрлі тамақтандыру, отбасының өсімін жоспарлау)

"Денсаулық сақтау қалалары", "Денсаулық сақтау мектептері" жобалары

"Адамның денсаулығын қорғау жөніндегі бағдарлама"

"Жыныс қатынастары арқылы берілетін аурулардың алдын алу" (БПТШ), (ВИЧ/СПИД, халық арасында санитарлық ағарту жұмыстары)

"Ішімдікті, шылым шегуді азайту және нашақорлықпен күресу" (халық арасында санитарлық ағарту жұмыстары, жарнамалар, оқытулар)

"Мектеп, гимназия және лицей оқушыларына валеология жөніндегі бағдарлама" (өзірленген бағдарлама және оқу құралдары бойынша оқыту).

*Есептесу жолдары:* орындалған жұмыс көлемі бойынша есептесу.

6. Эпидемиямен күрес озіне жеңіл сипаттағы уақытша емдеу жөніндегі шығынды қосады, оған эпидемиологиялық стационарлар, түпкілікті және емдеу шаралары, медициналық реактивті диагностикалық қажетті емдеу дәрі-дәрмектерін сатып алу кіреді.

*Есептесу жолдары:* орындалған жұмыс көлемі бойынша есептесу.

7. Халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі өзге қызметтер, оның ішінде:

- жекелеген азаматтардың топтарына дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, емханаларда емделушілерге дәрігерлердің құжаты бойынша қолданыстағы нормалық актілерге сәйкес тегін дәрі беруді көздейді.

*Есептесу жолдары:* қызмет көрсетуі бойынша есептесу.

### **III. МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРМАНЫ ОРНАЛАСТЫРУ**

Мемлекеттік тапсырмаларды орналастыру мемлекеттік сатып алулар туралы қолданыстағы заңдарға сәйкес шарт негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тапсырмалар қызмет көрсетуге, жұмыстарды орындауға конкурстық негізде орналастырылады.

Мемлекеттік кәсіпорындар конкурсқа қатысу үшін мына мөлiметтерді береді:

медициналық қызмет шұғылдану құқығына лицензия;

мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын медициналық көмек көлемінің кепiлді тегін беруіне бекітілген құжатқа сәйкес техникалық және сапалы сипаттамалар, орындалған медициналық қызметтердің көлемі; негізделген есептер бойынша шығын сметасы медициналық қызмет көрсетуге

шығынның орнын толтыру (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі анықтаған экономикалық сипаттағы әдістер мен түрлердің ерекшеліктері б о й ы н ш а ) .

Конкурс жеңімпазын анықтағандағы тапсырыс берушінің мына түстары е с е п т е л е д і :

1. конкурстық өтінімнің құны;
2. тауарларға байланысты тауарлардың мерзімі, жұмыстардың орындалуы немесе делдалдық қызметке техникалық қызмет көрсету жөніндегі пайдалану шығындары, оның ішінде сапа сертификатының болуы, төлем шарты және тауар, жұмыс және қызмет кепілдемесінің шарты;
3. отандық басымды дәрі-дәрмек шығарушыларды қолдау;
4. басымды дәрі-дәрмек шығарушылардың нарық саласындағы жұмыс т ә ж і р и б е с і ;
5. осылардың барлығы азаматтардың денсаулығына және, қауіпсіздігіне с е п т і г і н т и г і з е т і н б о л с а ;
6. қызмет көрсетумен шұғылданатын басымды дәрі-дәрмек шығарушының жеке басының біліктілігі, іскерлігі және басқару құзыреттілігі жөніндегі к ө р с е т к і ш т е р .

Осылардың барлығын орналастыруды мақсатты және тиімді пайдаланудағы жауапкершілікті бағдарлама әкімшілігі өзіне алады.

Бағдарлама өкімшілігі Қазыналық органдарға мемлекеттік тапсырманы орындау жөніндегі қызмет көрсету жайында оған міндеттеме жүйесіндегі есептері және тіркелімі, сметасының қосымшасын қоса шарты беріледі.

Есептесу құжаты жоғарыда аталған барлық мемлекеттік тапсырысты орындалған жұмыстар мен қызметтердің түрлерін көрсетеді. Бұған тапсырыс беруші мен орындаушы қол қойған нақты орындалған жұмыс, қызмет түрлерінің реестрлері немесе актілері қоса беріледі.